



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№41 (578)
10 қазан,
2024 жыл

САДАҚА САУДА ЕМЕС

Несін жасырайық, бүгінде әлеуметтік желіні ақтара қалсақ, бала еміне қаражат жинап, қайырымдылық жасауға шақыратын жарнамалардан көз сүрінеді. Жетімін жылатпаған қазақ үшін бұл құптарлық іс. Дегенмен сауатты істі бизнеске айналдырып, қайырымдылықты қарақан басының қамы үшін жасайтындардың бар екені қынжылтпай қоймайды. Мұндайды бұрын естіп пе едіңіз? Білмесеніз, бүгін осы тақырып төңірегінде тереңінен талқылап көреміз.

Жалпы, заң негізінде қайырымдылық жасаушыларға есеп беру міндеттелмеген. Тіпті үстемеақы алып, пайда көрушілерге де тыйым салынбаған. Ал бұл ақыр соңында сауатты іс жасауға асыққандардың ар-ұятына келіп тіреледі. Әйел десем әжем де кетеді демекші... Мұнымен көпке топырақ шашып, барлығын бірдей қаралай алмаймыз. Бірақ бүгінгі қоғамда адам тұрмақ, құдайдан қорықпайтын қатал жандардың бар екені мәлім болып отыр.

Негізі қайырымдылық жасаймын деген пендеге ешқандай шектеу жоқ. Заң жүзінде де солай. Сондықтан сауатты іске жинақ ашқандар мен аударым үшін жеке есепшотын пайдаланғандардың артынан шам алып жүрген құзырлы орынды көрмейсің. Содан болса керек, соңғы уақытта жақсылық жасаушылар мен қайырымдылыққа құмартақандар санырауқұлақтай қаптады. Нәтижесінде мұқтаж жанның материалдық яки қаржылық жағдайын қажетіне пайдаланып, оның үстінен үстемеақы

үлесін алатындардың әрекетіне шекара жоқ. Себебі біздің заң қайырымдылық жасаушыларға мұқтаж адаммен ауызша не жазбаша келісім жасауды өз ұятына байлайды.



7-бетте



СӘБИ СҮЮ: ЭКҰ СЫЙЛАҒАН ҮМІТ

«Бала сую – бақыт» демекші, әр ата-ана балалы болу бақытын сезінгісі келеді. Сәбидің былдырлаған үні мен сыңғырлаған күлкисін аңсап, алайда пәрзент сую бұйырмай жүрген жандардың мәселесі бүгінгі технологияның дамуымен шешім тапқандай. Атап айтқанда, экстракорпоральді ұрықтандыру (ЭКУ) және суррогат ана арқылы балалы болу көп отбасының бақытқа кенелуіне себепші болып отыр. Бүгінгі мақаламызда осы тақырыпты толығырақ тарқатамыз.

ЭКҰ ДЕГЕН НЕ?

ЭКҰ (экстракорпоральді ұрықтандыру) – 1978 жылы пайда болған, бедеулікті емдеу үшін қолданылатын заманауи медициналық әдіс. ЭКУ арқылы бала көтеру процесінде аналық жасушалар әйелдің ағзасынан алынып, оларды ер адамның ұрықтарымен зертханалық жағдайда ұрықтандырады. Ұрықтандырылған эмбриондар бірнеше күн бойы дамиды, содан кейін әйелдің жатырына енгізіледі.

2-бетте

NASA SPACE APPS CHALLENGE: ҒАРЫШТЫҚ ИННОВАТОРЛАРДЫҢ ЖАҢА ҰРПАҒЫ

Ғарыштық технология мен инновациялардың дамуы әлем елдеріндегі ғылым мен экономикада маңызды рөл атқарады. Осындай жаһандық бастамаларды қолдайтын іс-шараның бірі – NASA Space Apps Challenge. Биыл бұл беделді байқау Қызылордада алғаш рет өтіп, аймақ жастарының ғарыштық зерттеулерге қосатын үлесі мен шығармашылық әлеуетін көрсететін мүмкіндік алаңына айналды.



5-6 қазан күні шаһарда ұйымдастырылған хакатон гибридік форматта өтті. Оған 270-ке жуық қатысушы тіркеліп, 72 жобалық топ қатысты. Оның ішінде 40 жоба офлайн, 32 жоба онлайн форматта талқыланды. Бұл байқау тек аймақ деңгейінде шектелмей, жаһандық бастамалардың Қазақстандағы бейімделуін көрсететін бірегей тәжірибе. Себебі хакатонның басты мақсаты – ғарыштық зерттеулерге серпін беру, инновациялық шешімдерді дамыту және ғарыш саласындағы заманауи мәселелерді реттеуге бағытталған жобалар әзірлеу. Жастардың жобаларын сарапшылар жоғары бағалап, ұсынылған идеялардың сапасына тәнті болды. Бұл аймақта ұйымдастырылған хакатонның жоғары деңгейін және қатысушылардың халықаралық талаптарға сай дайындықтарын көрсетеді.

4-бетте

ЖАРЫЛҚАСЫН ОРАЗҒҰЛОВ: ӘРБІР ТҮЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

Қай кезенді алып қарасақ та, ән өнері адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанын аңғаруға болады. Діни ғұрыптардан бастап, мерекелік шараларда, қайғы мен қуанышта, той-жиын, тіпті жаназада айтылатын жоқтаудың өзін әуенте салып жеткізу халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткенін білдіреді.

Сәт сайын телефоныңызда немесе теледидарда орындалып жатқан әрбір әннің артында ұшан-теңіз еңбек барын білесіз бе? Иә, сіз тындап жүрген әннің жасалу барысынан хабарыңыз болмауы мүмкін. Тіпті аранжиршының кім екенін барлығы бірдей біле бермейді. Туындының сазгер жазған ең алғашқы нұсқасын және түрлі платформаға жарияланған соңғы нұсқасын тындаған адам сол ортадағы шығармашылық процеске қызығушылық таныта бастайды. Аранжировка не? Аранжировщик кім?

Осы тұрғыда аймағымызда ғана емес, Республика көлемінде есімі белгілі, «Мәдениет саласының үздігі», «Еңбек даңқы» төсбелгілерінің иегері Жарылқасын Оразғұловпен сұхбат құрған болатынбыз.

3-бетте

Жақсығұл ТОҒАНОВА, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры:

БІЛІМ АЛАМЫН ДЕГЕН БАЛАҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі – жүз жылға жуық тарихы бар, білім сапасы мен тәртібі жөнінен талайды таңғалдырған оқу орны. Педколледждің шәкірттерін қалада бірден байқайсың. Мәдениеті, өзін ұстауы, тіпті жинақы киім үлгісі де болашақ педагог екенін аңғартып тұрады. Демек бұл – колледждегі білім мен есептің нәтижесі.

Осы орайда оқу орнының директоры Жақсығұл Тоғановамен сұхбаттасып, жүргізілген жүйелі жұмыстар мен жаңалықтардан хабарлар болдық.

– Жақсығұл Қоханқызы, 21 жасыңызда еңбек жолын осы колледжде оқытушы болып бастаған екенсіз. Содан бері қызметтің барлық сатысынан өтіп, 2021 жылы колледж директоры болып тағайындалдыңыз. Бұл қызмет сізді шындай түскен секілді...

– Иә, дұрыс айтасыз, 2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Тарих және құқық» факультетін «Тарих пәнінің мұғалімі» біліктілігі бойынша бітіріп, еңбек жолымды осы білім ордасында оқытушы болып бастадым. Ол кездегі колледж директоры – ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері Әліме Әбдіхалықова еді. Оқу орнына келерде жүрек толқынысы, үлкен жауапкершілік болды. Себебі бұл – мықты ұстаздар, қоғам қайраткерлері оқыған, бір ғасырға жуық тарихы бар білім ордасы. Әрине, директорлыққа дейін барлық сатыдан өттім. Шын ниетпен, бар ынтаман абыройлы жұмыс істеуге тырыстым. Соның нәтижесі болар, 6 айдан кейін

Әліме Жақыпқызы шақырып алып, «Тарих» пәндік циклдiк комиссиясы оқытушыларының жетекшісі болыңыз деп ұсыныс айтты. Еңбегімді бағалағаны болар, екі жылдан кейін сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Одан кейін бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын бөлімнің меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі орынбасары болдым.

– Менеджерлік қабілетіңіз осылай шыңдалған екен ғой...

– 9 жылдай оқу ісі жөніндегі орынбасар болдым. Ал директорлық орын босағаннан кейін конкурста қатысып, 5 үміткердің ішінен жеңімпаз болып танылдым. Басқа мамандықтар бір бөлек, педагог даярлайтын оқу орны, «ұстаздар ұстаханасында» еңбек ету басқа. Сондықтан өзіме қандай жауапкершілік жүктелгенін сезіндім. Бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, оқу процесін жүйелі, перспективалық түрде жүргізу әдістерімен таныс болғаннан кейін маған қатты қиын болмады. Негізі процессті білсең,



жұмыс өздігінен жүйелі жүреді. Орынбасарларыма «өзіңге жүктелген бір саланы шемішкедей шағып, ұршықша үйіруіңіз керек» деймін. Ал өзім бұған дейін оқу ісі, әдістеме, тәрбие саласында жетекшілік еткеннен кейін, бәрімен танысып. Сондықтан әр қызметкер өзіне жүктелген бір саладан қате жібермеу керек деп ойлаймын. Ал қате жібермеу үшін білім, білік, дағды керек.

Колледждің жетістіктері, әрине, жеткілікті. Кемшіліксіз жұмыс болмайды. Бала жүрген жерде түрлі дүние болады. Дегенмен даму динамика бар. Кезінде оқу орнын 28 жыл Ұлмекен Ибраева, 37 жыл Әліме

Әбдіхалықова, 2,5 жыл Бақытжан Сайлыбаев басқарған. Сол кісілерден кейін директор болу маған өте үлкен жауапкершілік жүктелді. «Олардың денгейінен түсіріп алмас па екенмін, сол кісілердің басқарған уақытынан сапаны, кәсіби маман даярлауда күзiреттiлiктi төмендетіп алмас па екенмін?» деген үнемі менде жауапкершілік пен үрей тұратын. Сол ой мені қамшылады, алға жетеледі. Аллаға шүкір, қазір колледж республикадағы үздік үштіктің ішінде. Оның барлығы ұжымның, оқытушылардың бірлескен жұмысы және сүйікті студенттеріміздің арқасы деп түсінемін.

5-бетте



СӘБИ СҮЮ:

ЭКҰ СЫЙЛАҒАН ҮМІТ



ЭКҰ процесі 6 негізгі кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, гормоналды стимуляция – әйелдің аналық бездерін бірден бірнеше аналық жасуша шығару үшін гормоналды препараттармен ынталандырады. Келесі кезең аналық жасушаларды алу (пункция) – аналық жасушалар ультрадыбыстық бақылау арқылы жиналады. Одан кейін ұрықтандыру кезеңі жүреді. Ол кезде жиналған аналық жасушаларды ер адамның ұрығымен зертханада біріктіреді. Төрт кезеңді сәтті жүргізгеннен кейін эмбриондарды өсіру процесі жүреді. Ұрықтанған жасушалар зертханада бірнеше күн бойы дамыған соң, эмбриондардың ішінен ең сапалысы таңдалып, әйелдің жатына енгізіледі. Шамамен 10-14 күн өткен соң ЭКҰ-ның соңғы кезеңі жүзеге асады, яғни жүктіліктің сәттілігін тексеру үшін қан талдауы жүргізіледі.

Ескерте кететін жайт, ЭКҰ жасатқысы келген әйелдің жасы 18-ден 35 жасқа дейін болуы керек. Сондай-ақ ұрықтандырудың сәтті болуына кепілдік жоқ. Алайда әрбір үшінші әйел құрсақ көтереді.

ЭКҰ-ның құны немесе «Аңсаған сәби» жобасы

Елімізде ұрықтандырудың бұл түрі алғаш 1995 жылы жүзеге асты. Сол жылы дүниеге келген сәби бүгінде 28 жаста. Әлем бойынша мұндай тәсілмен сәби сүюдің құны әртүрлі әрі жоғары болғанымен, Қазақстанда ең арзан һәм қолжетімді деп танылады. Сол себепті болар, шетелдіктер ат басын елімізге бұрып, ЭКҰ-ны жасатуға келеді екен. Сондай-ақ Қазақстанда ЭКҰ жасату саласы айтарлықтай дамыған. Алайда мамандардың айтуынша, елімізде жаңа технологияларды сатып алуға қажеттілік басым.

ЭКҰ жасату үшін 2010 жылдан бастап жылына 400-500 квота бөлініп тұрған. Ал 2021 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Аңсаған сәби» жобасы жүзеге асып, жылына 7 мың квота бөліне бастады. Аталған жобаға сұраныс көп. Бедеуліктің көбеюі де «Аңсаған сәбидің» 2030 жылға дейін созылуына себеп болды. Бір қуантатыны, екі жылдың ішінде 7 мың бала жоба арқасында дүниеге есігін ашты. Ал 2030 жылға дейін 49 мың отбасы бұл жобаның шарапатын көре алады.

Бағдарламаға отбасылардан бөлек, жалғызбасты әйелдер де қатыса алады. Бір ескерте кететін тұсы, бұл квотаны тек «бедеулік» диагнозы бар жандар ғана ұтып ала алады. Сондай-ақ квотаны алушы ҚР азаматы болуға міндетті және Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен медициналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Қазақстанда 31 ЭКҰ клиникасы бар. Олардың 2-еуі ғана мемлекеттік, ал қалған 19-ы квота бағдарламасына қатысады. Мемлекеттік квота бір адамға 1-1,1 миллион теңге қаражат бөледі. Бөлінген қаржының көп бөлігі дәрі-дәрмекке, қалғаны ЭКҰ технологияларына, дәрігерлер мен өзге де процесстерді кедергісіз жүргізуге жұмсалады екен. Эмбриондарды көбіне «криоконсервация» әдісі бойынша қатырады. Бұл процесс шамамен 200-300 мың теңгені құрайды. Бірақ оның шығынын квота өтемейді, сол себепті сәбилі болуға ниетті жандар қаражатты өз қалталарынан шығарады.

Квотаға ілінбегендер қандай көмек ала алады?

Мемлекеттік квота көмегіне іліге алмаған жандар үшін арнайы «MARIAM» қоры жұмыс істейді. Бүгінде қор 25 отбасыға қол ұшын созды. Қордың көмегін алу үшін қор сайтындағы арнайы анкетаны толтыру керек. Қажетті құжаттарды тіркеу арқылы өтініш бере алады. Қор мемлекеттік квотаға іліге

алмағандарға ерекше көңіл бөлгенмен, көмек алу үшін ресми некеде тұру маңызды.

– Кейінгі уақытта біздің қорға жүгінушілер саны өскенін байқадық. Дегенмен қордың көптігі мәселені толық шешпейді. Біз салдарымен емес, себебімен күресуіміз керек. ЭКҰ мәселенің шешімі болғанымен, соңғы түйінді емес.

Жалпы бедеулікке әкеліп соғатын бірнеше фактор бар. Оның ерте жастан алдын алуға болады. Яғни, балаларымызбен жұмыс маңызды. Жыныстық сауаттылық, салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану сияқты бағытта өңгіме жүргізген абзал деп санаймын. Осы тұста «онда сіз неге айналыса бастадыңыз?» деген сұрақ тууы мүмкін. Мен жеке басымнан өткен соң, жағдайды ішінен білген соң көмектескім келді. Қорымызға түсетін қаражаттың 80%-ы жеке кәсіпкерлер, іскер азаматтардың қолдауы, – деді ЭКО бойынша алғашқы «MARIAM» қайырымдылық қорының негізін қалаушы, белгілі тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызы.

Суррогат ана деген не?

Балалы болудың тағы да бір жолы бар және ол – суррогат ана арқылы жүзеге асады. Құрсақ ана болу – бала көтере алмайтын немесе белгілі бір медициналық себептерге байланысты бала туа алмайтын адамдар үшін басқа әйелдің баланы көтеріп, дүниеге әкелу процесі.

Бұл процесс репродуктивті денсаулық туралы заңымен қорғалады және бірқатар шарт пен талаптарды қарастырады. Суррогат ана мен биологиялық ата-ананың арасында келісімшарт жасалуы тиіс. Соған сәйкес бала дүниеге келген соң, заңды түрде биологиялық ата-анасына берілуі керек.

Кейбір елдерде суррогат ана болуға тыйым салынған. Мәселен, Австрия, Германия, Италия, Испания, Швеция, Франция, АҚШ-тың жекелеген штаттарында (Аризона, Мичиган) суррогат ана болу заңсыз деп табылады. Ал Бразилия мемлекеті тек туысқандарына ғана суррогат ана болуға рұқсат береді.

Кез келген әйел суррогат ана атана алмайды. Оларға да қойылатын бірнеше талап бар. Суррогат ананың некелі күйеуі, сондай-ақ кем дегенде бір баласы болуы тиіс. Құрсақ ана болу үшін жарынын рұқсатын алу міндетті.

Қоғамда құрсақ анаға қатысты бұрыс пікір қалыптасқан. Анығырақ айтқанда, кім көрінген өз қалауынша бұл процессті жүзеге асыра алмайды. Ол үшін міндетті түрде неке заңды тіркелген болуы керек. Бедеулік диагнозы қойылып, әйелдің физиологиялық тұрғыдан бала көтеруге жарамсыз екендігі расталуы тиіс.

Жүрегінің астына жан бітіріп, тек оны дүниеге әкелу үшін суррогат анаға 4,5-8 млн теңге көлемінде өтемақы беріледі. Онымен қоса, жүкті болған айдан бастап 200-250 мың теңге айлық алады (тіпті одан көп болуы мүмкін). Алайда суррогат анаға кететін қаражат мұнымен бітпейді. Себебі оның жүріп-тұрысы мен көптеген медициналық, нотариалдық кезеңнен өту үшін һәм түрлі рәсімдердің шығынын өтеуге қаражат қажет. Жалпы құны 10 миллионнан 15 миллионға дейін жетуі мүмкін.

Түйін. Кейінгі статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ, елімізде 26 мыңнан астам әйел және 4 мыңнан астам ер адам «бедеулік» диагнозымен тіркелген. Яғни, әр алтыншы отбасы сәбилі бола алмай отыр. Өкініштісі, көп отбасының да ажырасуына осы себеп. Бедеулік – тек әйел затының ғана денсаулығына байланысты дүние еместігін ескергеніміз жөн. Сол үшін көптеген денсаулық саласының маманы үйленер алдында толықтай медициналық тексерістен өтуі ұсынады. Демографиямыз бен әлеуметтік әлеуетіміз нығайсын десек, мәселені түп тамырынан тарқатқанымыз жөн.

Нұршат НЫШАНОВА



Жастар жаңалықтары



«Спартакиада – 2024» жарысы қорытындыланды

Білім қызметкерлері арасындағы дәстүрлі «Спартакиада – 2024» жарысының марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиынға Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы Жаннат Мылтықбайқызы мен Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым мен жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының қала бойынша төрайымы Ануза Аманжолқызы қатысып, жеңімпаз командалар мен спортшыларды құттықтады.

Жалпы командалық есепте Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицей ІІІ орынды еншілессе, ІІ орынды Төкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицей иеленді. Ал І орынды Әли Мүсілімов атындағы мектеп-лицей командасы жеңіп алды.

Жеңімпаз командалар мен спортшылар қалалық кәсіподақ комитетінің қаржылай және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Айта кетейік, білім қызметкерлері спартакиадада 8 спорт түрінен сынға түсті.

Дәстүрлі өнер дәріптелген күн

Аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен жырғаулар күніне орай «Моншак жыр, мөлдір өлең, сал домбыра!» атты жыр кеші өтті.

Көпке ерекше көңіл-күй сыйлаған шара күйші-композитор, Арал ауданының құрметті азаматы М.Сыдықовтың «Жырау жігіт» өнімімен шымалдығын түрлі. Мұнан соң ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісінің иегері, республикаға белгілі жырғау, айтыскер ақын Айдоос Рахметов жыр кешінде өзінің арнау өлеңін ұсынды.

Рухани кешке жиылған қауым, дәстүрлі өнердің жанашырлары жыршы-жыраулардың есіміне қанық болды. Олардың қатарында айдынды Аралдың төл перзенті, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісінің иегерлері, белгілі жырғау Демусбай Жолымбетов, Айбек Төңірбергенов, «Құрмет» орденінің иегері, жыршы Шолпан Бимбетова, жыршы Ғанбек Өмірзақов, Серікқали Жұбанизов, Гүлжамал Бейсова, Айнуір Сүйеуова және Асқар Жоламанов сынды жампоз өнердің жүйріктері бар.

Кеш барысында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, халықаралық республикалық байқаулардың жүлдегері, жыршы Күнсұлу Түрікпен де сахна төрінен табылып, жұртшылықтың құрметіне бөленді. Дәстүрлі өнердің тарихынан сыр шертіп, өткеніне өнегелі тағылым беретін арда өнерді ұлықтаған жыр сүйер қауым бұл кеште рухани демалып, моншак жырлармен сусындады.

Ерекше жандар ел назарында

Қазан айының екінші жексенбісі елімізде ерекше азаматтардың күні болып белгіленген. Ерекше жандардың құрметіне отбасын қолдау орталығының ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті. Іс-шара алдымен кішкентай бүлдіршіндердің өз өнерлерін көрсетуімен басталды.

Бұл мереке бірінші кезекте ерекше жандардың түйткілді мәселелеріне қоғам назарын аударуға, олардың өмір сүру сапасын жақсартып, жақсы көңіл-күй сыйлауға бағытталған. Мерекелік шараға қатысқан балалардың барлығына арнайы әзірленген сыйлықтар тарту етілді.

Тал егу акциясы өтті

Аудан орталығында орналасқан «Мәңгілік ел» саябағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тал егу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараға аудан әкімі Жандос Еркінбек, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары, қызметкерлері, сондай-ақ ардагерлер мен ерікті жастар белсене қатысты.

Бұл жұмыстар – ауданның экологиялық жағдайын жақсартуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастама болып табылады. Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Меректев сөз алып, шараның қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызын ерекше атап өтіп, ардагерлер қауымы тарапынан қолдау білдіретінін жеткізді.

Іс-шара аясында қатысушылар саябақ аумағына түрлі ағаш көшетін отырғызумен қатар, аумақты кокыстардан тазартып және абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

«Таза түтін мұржасы» акциясы ұйымдастырылды

30 қыркүйек пен 6 қазан аралығында облыс төңірегінде республикалық «Таза түтін мұржасы» акциясы өтті. Соған орай Жалағаш ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар, БАҚ өкілдері, еріктілер тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігін сақтау, жылу беру маусымы қарсаңында тұрмыстық және газ пештерінің мұржаларын тазарту, газ баллонды қауіпсіз пайдалану, балаларды қараусыз қалдыру жөнінде түрғын үй иелеріне профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ ақауы бар электр сымдарын пайдалануға жол бермеу, көмірқышқыл газының адам өміріне қауіптілігі, жағылған пештерді бақылаусыз қалдыруға керектігін айтты.

Пробация есебіндегі жастар үстел теннисінен сайысқа түсті

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен пробация есебіндегі жастар арасында үстел теннисінен сайыс өтті.

Сайысқа аудандық прокуратурасының прокуроры Алдаберген Қасымжолар пен Сырдария аудандық пробация қызметінің инспекторы, әділет майоры Асылжан Сақыбеков қатысты.

Сайыс жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Аудан әкімі әлем чемпионын қабылдады

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков Астана қаласында өткен қазақ күресіне Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысып, чемпион атанған Бекжан Төлепов қабылдады.

Байрақты бөсекеде көк туымызды желбіретіп, өнұранымызды әуелеткен Бекжан Әлімжанұлы аудан әкімі жеңісімен құттықтап, ыстық ықыласын білдірді. Өз кезегінде спортшы аудан әкіміне алғысын айтып, жоспарларымен бөлісті.

Айта кетейік, Бекжан 55 келі салмақ дәрежесіндегі финалда қырғызстандық К.Оболбековтен басым түскен болатын.

Республикалық турнир өтті

Алпамыс батыр атындағы дене шынықтыру, сауықтыру спорт кешенінде жаттықтырушы Мұрат Тотаев пен КСРО спорт шебері Сапархан Шәйменовты еске алуға арналған 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында еркін күрестен республикалық турнир өтті.

Турнирдің ашылу салтанатында аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Махмұт Рахымжанов, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы, облыстық белбеу күресінің президенті Мадияр Ахметов спортшыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Жарысқа еліміздің 10 облысы, 2 қаласынан 220 спортшы қатысты. Нәтижесінде Сыр спортшылары жарыс қорытындысы бойынша 12 медаль иеленіп, Қызылорда облысы 3 орынға жайғасты.

Қызылорда

Арал

Қазалы

Қармақшы

Жалағаш

Сырдария

Шиелі

Жаңақорған

ЖАРЫЛҚАСЫН ОРАЗҒҰЛОВ:

ӘРБІР ТУЫНДЫНЫҢ
ТАРИХЫ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

– Аранжировка - шығармашылық жұмыстың бір түрі. Бұл саланы қанша жасыңыздан бастап қолға алдыңыз? Ең алғашқы студияңыз, алғашқы жұмысыңыз жайлы айтып берсеңіз...

– Әкем де, анам да музыкант жандар. Әкем гитарада, анам мандалин аспаптарында ойнап, ансамбльде қызмет еткен. Қызығын айтамын, менің білім алған салам тіпті бөлек. Мектеп жасынан сурет, бейнелеу өнеріне қызығушылығым басым болды. Содан болар осы бағытты таңдап, Қорқыт ата атындағы университетте «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын 2008 жылы үздік тәмамдадым. Жоғары оқу орнында жүріп те іс-шараларда ән айтып, өнер көрсеттім. Ең алғаш филармонияға жұмысқа орналасуыма Индира Елубаева әпкеміз себепкер болды. Ол уақытта комиссия құрылып, тыңдалым арқылы жұмысқа алатын. Жұмысқа қабылдансам да, білім алған салам бөлек, дипломым талаптарға сай болмаған соң бір айға жетер-жетпес өз еркіммен жұмыстан шығып кеттім. Кейін бірталай жерде жұмыс істеп, бәріннен қажыған соң қолымды бір сілтеп, ауылға қайтуға бел будым. Әкем 13 жасымда қайтыс болған, бауырларым мектепті аяқтап, студент болуға талпынып жатқан соң, ауылда анама серік боламын деп шештім. Дегенмен анам менің ауылда қалғанымды қаламады. Көп ұзамай қалаға қайта оралғанда Сәбит Ұлықпанұлы ағамызды жолықтырдым. 1989 жылы құрылған «Мереке» ансамблі кейін тарап, жұмысы тоқтап қалған екен. Сол топты қайта құрып, жандандыруды қолға алған соң бізді де жұмысқа шақырды. Бұл 2008-2009 жылдар болатын. Ансамбльде жұмыс істеудің маған үлкен пайдасы тиді. Командалық жұмыс болған соң маңда дыбысты жақсы ажыратуды үйренесім. Ал аранжировканың негізі дәл осы дыбыс ажырата білуден басталады. Бұл бірнеше дыбыстан бір әуенді құрау, үйлестіру.

Сәбит ағамыз – мықты аранжировщик. Менің білім алған салам басқа болғандықтан нота танымадым, музыкалық сауаттылығым болмады. Ағама еріп жүріп, нота, аккорд үйреніп бастадым. Таасбеттегі Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйінде ансамбльдің жұмысы аяқталған соң Сәбит ағамын жеке жұмыстары басталады, сонда қалатынымын. Шағын бөлмеден студия жасаған, сол жерге талай мықтылар арнайы іздеп келетін. Студияда күнде алып қалып, музыканың кыр-сырын жалықпай үйретті. Қандай мықты әнші болсаң да сахнада ән айту мен студияда ән айту екі бөлек болатынын түсін бастадым. Әншілерге ән жазғанда қасында отырамын, шаруаларына қолғабыс көрсетемін. Келе-келе үйренсің деп студияны тапсырып кететін болды. Мұның барлығы мен үшін қызықты процесс болатын.

Осы жұмыс жайлы отбасыма айта бастадым. Інім Алматыда консерваторияда білім алып жүріп маған музыкалық аппаратура сәліп жіберіпті. Жеке студиямды ең алғаш үйде құрадым. Екі бөлмелі пәтердің бір бөлмесінде отбасыммен тұрдык, екінші бөлмесін студия қылдым. Ең алғашқы жасаған жұмысым Үкітай Ерниязовтың «Тойға шашу» әні болды. Үкітай бауырым алғаш болып жасаған жұмысымды елге осылай таныстырды. Одан кейін Күнәлу Түрікпенге ән жасадым. Жақында ғана Ғазизхан Шекербеков туындысын жасауға өтініш білдірді. Айта берсем көп...

Ұстазым Сәбит ағамның жанында көп жүрдім, үнемі сол кісінің шаңырағында тамактанамыз. Жеңгеміз мүлде қабак шытпайтын еді. Тіпті мені баласындай көреді. Біреулер «сол үйдің баласың ба?» десе маз болатымын, «Сәбиттің баласы» деген ат мен үшін мақтаныш болатын.

Кейін сол мәдениет үйіндегі шағын студия түбегейлі маған бұйырды. Ал Сәбит аға екінші қабаттан бөлек студия ашып, сол жаққа ауы-

сты. Бір мекемеде жұмыс жасадық. Ол жақтың ұйымшылдығын әлі күнге дейін айтамын.

– Музыканың қай жанрымен жұмыс істеуді ұнатасыз? Қайсысы сіз үшін шабыт көзі болып табылады?

– Жанрдың бірі жақсы, бірі нашар деп бөліп жара алмаймын. Ең бірінші жұмысым Үкітайдың әнімен басталған соң біле беруге болатын шығар. Қаншама мықты ақындармен таныстым. Поэзияға жақын болып, өлеңге құмарта бастадым. Солар мені оятты десем болады.

Жақында аңғардым, осы уақытқа дейін 8 қойылымға музыка жазыппын. Шынымды айтамын, сол жұмыстармен айналысып жүргенде мүлде байқамашпын, афишадан оқып білдім. Айтқым келгені жанр дегенде, театрға да жаза алатыным бар. Жанр талғаймын қолымнан келгенше.

Эстрада нысан жақсы көремін, бірақ театрға жазу – мәдениет саласындағы міндетім. Қойылымның шығарма нұсқасын оқып отырғанда құлағым әуені естіледі. Дәл осы тұста негізгі мамандығымның, яғни сурет саласында алған білімімнің көп көмегі тиді.

Шабытқа келетін болсақ, маған шабыт сыйлайтын – айналадағы адамдар. Олардың әңгімесі.

– Қоғам дайын енді тыңдайды. Бірақ оның артында қаншама еңбек жатқанын бірі білсе, бірі білмейді. Әнді әрлеу, оңдеудің өзіндік қиындықтары бары анық. Ең қиын аранжировка жасаған әніңіз туралы айтып берсеңіз...

– Қатты қарным ашатыны да осы тұс. Рәсіммен жасап жатқан еңбегімдісі әлі білмейді. Үлкен деңгейдегі қаншама шараға, қаншама қойылымға музыка жазып жүргенмен есімді еленбейді. Мәселен марапаттау шарасында атыңымыз аталғанда біз жайлы азын-аулақ ақпарат та айтылған емес. Сосын ел қайдан білсін...

Тіпті мынадай жағдайлар да болған. Үлкен бір кештің шаруасын аяқтап, жұмысым барлығын көңілінен шығып, соның нәтижесін көркекке стадионға бардым. Сонда оператордың жанында тұрсам «артық адам шықсын» дейді... Осылай өз жұмысымды стадионның сыртында тұрып тыңдаған кездерім болды.

Ең қиын аранжировкам қаланың 200 жылдық шарасының финалында орындалған ән болды мен үшін. Қаншама ән жазып жүргенмен мұндай жауапкершілігі жоғары дүниені сол кезде алғаш рет жасадым. Өте қиын, бірақ өте сәтті шыққан дүние болды.

– Әнге аранжировка жасағанда орындаушының стилін қаншалықты ескересіз?

– Қазір аранжировканы көп жазбаймын. Менің стилімді білетін санаулы адамдар келеді. Лирикаға, оның ішінде еуропалық стильге жақынмын.

– Сізді облысымыздың таланттары ғана емес, республикаға танымал әншілер де, аранжировка саласындағы әріптестеріңіз де жоғары бағалап, мойындайды. Соның сыры неде? Кей орталарда «хитзавод» атанып кеткен аранжировщиктер сізден не көмек сұрайды? Енбегіңіз өз деңгейінде бағаланып жүр ме?

– Біреуге соңынан өкпелемеу үшін әуелі арада келісім болуы керек. Мен осы келісіммен жұмыс жасаймын. Әсіресе әншілермен. Сондықтан жазған әндерім өз деңгейінде бағаланып жүр деп айта аламын.

Ал әріптестерге келетін болса, оларға көрсеткен көмегім үшін ақы сұраған емеспін. Өннен бөлек оған керекті дыбыстарды жинаумен және студияның құрал-жабдықтарын құрастырумен, компьютерлік бағдарламалаумен айналысамын.

Мәселен Шымкентте Руслан есімді аранжировшы азамат бар. Өнеріне тәнті болғаным сонша, ол көмек сұрай қалса, қажетті заттарды осы жақтан алып барып, жоғын сол қаладан түгендеп, студиясының кем-кетігін жасап беріп, барынша кө-

мектесемін. Неге? Кейін менде де жағдайлар болса оған еш қысылмай айта аламын. Есепті дос айрылмас деген бар. Қазыбек Құрайыштың әндерін жазып жүрген Ізбасармен де қарым-қатынасымыз осылай. Қолымнан келген көмегімді аянып қалған емеспін. Әзір жоспарда жоқ, бірақ болашақта жеке шығармашылық кешімді беріп жатсам, он әнім болса он аранжировшыға тапсыра аламын. Өзім жасай аламын, бірақ «барлығын өзім жасаймын» деу қате. Өзгенің талғамына салып, өзгенің көзқарасымен де санау керек.

Мен саунд-инженерия оқуын оқыдым. Илья Лукашев есімді дыбыс режиссерынан тәлім алдым, Константин Матафоновтан сабақ алдым. Соның нәтижесінде студияны жасақтауды меңгердім. Қандай колонка керек, қай жағдайда қандай микрофонды қолдану керек деген секілді. Дыбыс стадионда қалай, жабық мекемеде қалай шығуы керек. Дыбысты минус алты децибелден артық қылуға болмайды деген секілді қағидалары бар. Тіпті дыбыс жазатын микрофонды қалай орналастыру керектігіне дейін білу қажет. Ал мұны біздің елде үйретпеуі мүмкін, барлығын осындай детальдардан бастап шетелде үйрендік. Негізі сапа осыдан басталады. Соның бәрін оқып келгеннен кейін таныста, әріптестер көмегіне жүгіне бастады. Бір-біріне айтып, есімім таралған болуы керек, мүлде танымайтын жандар да хабарласып, жабықтаудың құнын сұрап жатады. Осылай студия жасақтау кәсібiмe айналып кеттi.

Сазгерлік қырымыз болған соң тапсырыспен ән жазасын ба деп сұрап жатады. Біреулер компьютерін ашып жіберіп «өзіне керегін таңдап ал» дегендей жайып салып жатады ғой. Менде мүлде ондай емес. Туындының тарихы болғанын қалаймын. Жоғарыда келісім болуы керек деп атап өттім ғой. Ән жасауға келгендерге жұмысымның құнын айтып, неге бұл шамада бағаланатынын әуелі түсіндіріп аламын. Мәселен әнге керекті әр дыбыс тегін келмейді, оларды сатып аламыз. Аспаппен сүйемелдейтін тұсында нағыз мамандарға жүгініп, аспаптың даусын жазып аламыз. Әрине олар да тегін жұмыс жасамайды.

– Әңгізің аранжировкалаған әндердің ішінде ең ыстық, ең сүйікті туындыңыз қайсы? Неліктен?

– Жаңа атап өткенімдей, ең алғаш аранжировка жасаған әнім «Тойға шашу» болған соң, өзіме сондай ыстық. Ал сүйікті ән дегенде «Тілекші» атты әнді айтқым келеді. Өнін Сакура Елемесова, сөзін Оңталап Базаралиев жазған. Көп адамға әсер еткен тамаша туынды. Оның аранжировкасын жасау барысында болған жайттар тіпті ерекше.

– Ән әлеуметтік желіге, сайттарға жарияланғанда авторлардың (ақын/сазгер) аты-жөні жазылады. Ал нағыз еңбектің иесі, яки аранжировщик назардан тыс қалып жатады. Бұған көзқарасыңыз...

– Бұл біздің Қазақстанда ғана аранжировшы тыс қалатыны... Ал басқа кез келген елде, көрші жатқан Ресейде болсын, барлығында аранжировщик міндетті түрде жазылады.

– Аранжировка жасау барысында ең маңызды аспектілер қандай? Әңгіңіз қандай элементтері сіз үшін бірінші орында тұрады?

– Мен үшін мелодия, яғни әннің әуезділігі бірінші орында. Соны сөзге қатты мән беремін.

– Техникалық қабілет пен шығармашылық шабыт арасында қайсысы маңызды деп ойлайсыз?

– Бәріннен бұрын жауапкершілік маңызды. Мысалы, музыкадан мүлде хабары жоқ, бірақ жауапкершілігі мықты бір адамға істі тапсырсаң ол міндетті түрде нәтиже шығарады. Себебі онда жауапкершілік болған соң тырмысып үйренеді, әйтеуір жолын табады. Техникалық тұрғыда сауатты, шығармашылық тұрғыда мықты боп, бірақ жауапкершілік болмаса бәрі бекер...

– Аранжировка жасауда қандай бағдарламаларды қолданасыз?

– Pro Tools, Reaper, Cubase деген бағдарла-

маларды пайдаланамын. Қазір ең кеңінен тараған, жалпы әлем бойынша үздігі Pro Tools бағдарламасы. Ал аранжировка мен дыбыс жазу бойынша Cubase мықты. Дауысты түзететіні Melodyne деген секілді, тағы басқалары да бар...

– Жас музыканттарға қандай кеңес бересіз? Музыкалық аранжировка жасау үшін арнайы білім қажет пе, әлде өз бетімен үйренуге бола ма?

– Ең біріншіден оқу керек дер едім. Музыка деген таңқалдыра береді, оның жаңалығы ешқашан таусылмайды. Музыкалық білім міндетті түрде керек. Әуелі классикалық шығармалардан бастаған дұрыс. Ал эстрада ешқаша қашпайды.

– Қазақстандық музыка индустриясына көңіліңіз тола ма? Сізді осы салада не алаңдатады?

– Өзі поэзияға құрылса деймін. Сөзге мән берсе екен. Ал жалпы қазір эфирде жүріп жатқан музыкалық бағдарламаларға көңілім толады. Жақсы дамып келеді. Мықты музыканттар көп. Батырхан Шөкенов ағамыздың бір арманы музыканттарға арнап үлкен студия салдыру болған екен. Біздің Қазақстанда жоқтың қасы. Сол салынуы тиіс деп ойлаймын. Жас музыканттарды білікті, әлемдік деңгейдегі тәжірибелі мамандардың курсына жіберіп оқыту керек.

– Әлемдік немесе отандық аранжировщиктерден кімдерді үлгі тұтасыз?

– Ең бірінші Рамазан Тайманов ағамыз бен Сәбит Ұлықпанұлы ағамыз, осы қос ұстазымның айтқаны мен үшін заң. Осы кісілердің айтқанын орындадым, орындай беремін. Жаман болған жоқпын, шүкір! Одан кейін Серік Сыздықов жерлесіміз, Ренат Гайсин, Еділжан Габбасов секілді мықтыларды үлгі тұтамын.

– Аранжировщик, әнші, композитор және ақын арасында тығыз байланыс болуы керек деп ойлайсыз ба?

– Жалпы лейбл деген термин бар. Лейбл деген осының барлығын біріктіретін адам. Ол көмегіне жүгінген әншінің оң жамбасына келетін, орындау стиліне сай сазгер, ақын, аранжировщикті таңдап береді. Біздің елде олармен жұмыс жасайтын әншілер аз. Бізде әнші өзі хабарласып сазгерден әнді алады да ақынға жіберіп сөзін жаздырады. Соның аранжировщикке жіберіп әнді жасатып жатады... Мұнда түк байланыс жоқ. Сосын бір-бірі толықтырып тұратын сапалы дүние қайдан болсын... Барлық тарап тығыз байланыста болуы керек.

– Осы уақытқа дейін кімдермен, яғни қандай әншілермен жұмыс жасадыңыз? Болашақта кіммен жұмыс істегіңіз келеді?

– Жоғарыда атап өткен әншілермен жұмыс істедім, әлі де жасай береміз. Жалпы одан бөлек жұмысым қалалық мәдениет үйінде, облыстық халық шығармашылық орталығы мен оқушылар үйірмесі де бар. Соның барлығына ән жазуымен айналысамын.

Ал соңғы сұраққа тоқталсақ, атакты адамдармен жұмыс жасауға қызықпашпын. Жұлдыздар келсе, басқаларын ысырып қою немесе келесі жұлдызды күтіп отыру деген мүлде болған емес.

Бұрындары күткен шығармын, ал қазір күтпеймін. Маған кез келген іс-шара қызық, тапсырылған шаруаны асқан қызығушылықпен орындаймын. Атақ-даңқ – тұрақсыз нәрсе, күнделікті жасайтын жұмысыңа қызыққан дұрыс деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Аружан ОРАЛБАЙ



NASA SPACE APPS CHALLENGE: ҒАРЫШТЫҚ ИННОВАТОРЛАРДЫҢ ЖАҢА ҰРПАҒЫ



Басы 1-бетте

ТАБИҒИ ШЕШІММЕН ӘЛЕМДІ ТАҢҒАЛДЫРҒАН ТУНИС

Газеттің №39 санында Астанада өтетін Enactus World Cup 2024 туралы айрықша айтып, Қазақстан атынан байрақты бәсекеге қатысатын Enactus Zhetysu командасының сұхбатын жарияладық. Ал 3000-нан астам қатысушы тамашалаған әлемдік дода қалай аяқталды? Үздіктер рейтингінде қай елдің инноваторлары көш бастады?



Жаһан жастарын біріктіріп, студенттік кәсіпкерлікті дамыту, инновациялық жобаларды таныстыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында өткен чемпионаттың рөлі ерекше. Себебі биыл World Cup TMD елдерінде алғаш ұйымдастырылды. Додаға 33 елдің командасы қатысып, өз жобаларын қорғады. Сайыстың нәтижесінде үздік 16 команда іріктеліп, төрт лигада бақ сынады. Ал Қазақстан атынан қатысқан Enactus Zhetysu командасы инноваторлар алаңында 2 жобаны сәтті таныстырды.

– Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы жартылай финалға өтті, бұл – тамаша нәтиже. Қазақстандағы бағдарламаға 50-ден астам жоғары оқу орны мен 100-ден астам мектеп жұмыс тартылған. Астанада өткен әлем чемпионаты біз үшін үлкен серпіліс, – деді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумының төрағасы, Enactus Kazakhstan директорлар кеңесінің төрағасы Райымбек Баталов.

Оның айтуынша, Қазақстан мұнымен тоқтап қалмайды. Enactus мектеп лигасын кеңейту жоспарлануда. Мұнан бөлек болашақта мектеп оқушылары арасында әлем чемпионаты өтуі мүмкін.

Финалда Марокко, Оңтүстік Корея, Тунис және Германия командалары чемпиондық титул үшін бәсекеге түсті. Қазылар алқасының шешімімен тунистіктер жеңіске жетті. Олар сыйлардағы маститтің алдын алу және емдеуде антибиотиктер мен басқа да химиялық заттарды алмастыруға арналған 100% табиғи заттардан жасалған «BOVITA» дәрілік өнімін ұсынды. Бұл команданың жобасы инновациялық шешімдерімен ерекшеленіп, жоғары бағаланды. Екінші орынға Мароккодағы Мохамед университетінің командасы ие болса, үшінші және төртінші орындарды Германия технологиялық институты мен Оңтүстік Кореяның Конхук университетінің командалары иеленді.

Ауқымды іс-шараның жабылу рәсімінде Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек студенттердің жетістіктерін атап өтіп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті білім алушыларының жобасын жоғары бағалады. Министр олардың идеялары мен бастамаларына қолдау білдіретінін де атап өтті.

Айта кетейік, келесі жылы Enactus World Cup

Сарашшылар қатарында Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелері жөніндегі орынбасары Дәурен Сейтжанов болды.

– Өткен аптада аймақтағы жастарды бір алаңға жинаған хақатон қатысушылар үшін жаңа мүмкіндіктер есігін ашты деп ойлаймын. Мұндай іс-шаралар жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, командада жұмыс істеу дағдыларын шыңдауға және жаңа технологиялармен танысуға жәрдемдеседі. NASA International Space Apps Challenge барысында бақ сынаушылар идеяларын жүзеге асырып, шынайы жобаларды іске асыруға мүмкіндік алды. Себебі бұл – үздіксіз білім алу мен тәжірибе жинақтау алаңы.

Хақатонда өткен 2 күн ішінде талантты, білікті жастарды көріп қуандым. Олар Nasa тақырыптарына сай 48 сағат жұмыс істеп, жаңа жобаларды дүниеге әкелді. Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы осындай игі іс-шараларды қолдауға әрқашан дайын, – деді Дәурен Мұзарапұлы.

NASA Space Apps Challenge – тек бағдарламашылар мен ғалымдар емес, әртүрлі саладан келген таланттар үшін де ашық алаң. Қатысушылар жер мен ғарышты зерттеуге қатысты нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобалар жасап, климаттың өзгеруі, ғарыштық деректерді талдау, спутниктік технологияларды қолдану сияқты маңызды тақырыптарды қамтыды. Жастардың бұл жобалары болашақтағы ғарыштық зерттеулерге және жердің экологиялық мәселелерін шешуге үлес қоса алатын бастамалар ретінде қарастырылады.

– Алдымен ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғыс білдіргім келеді. Себебі хақатон өте жоғары деңгейде өтті. Мұнда қызылордалық жастардан бөлек Алматы, Шымкент қалаларынан да келген қатысушылар бақ сынады. Алғашында хақатонға қатысуға 270-ке жуық өтінім қабылданды. Біз олардың ішінде прототипі бар жобаларды қабылдауға тырыстық. Яғни жобаның сайты, мобильді қосымшасы дайын болу керек. Студенттер сарайында өткен байқауда командалық жұмыстың керемет көрінісі байқалды. Оқушылар мен студенттер де бірігіп, әлемдік аренада ұсынылатын жоба қорғады. Жалпы питчингке 3 минут берілді.

Бағалау барысындағы басты

критерийлердің бірі – жобаның монетизациясы. Яғни жобадан қаржылай табыс табуы немесе коммерциялық негізде жүзеге асу жоспары да бағаланады.

Осы ретте оқушылардың жобасына тоқталғым келеді. ЖОО студенттерімен бірдей дәрежеде бәсекелес бола алатын оқушылар өте көп. Біз, әрине, мұндайды күтпедік, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық даму және IT жөніндегі проректоры Махмұт Томанов.

Бұл іс-шараны ұйымдастыруда бірқатар мекеме маңызды рөл атқарды. Олар – Қузылорда Hub бизнес-инкубаторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Kazakhstan Smart Space мекемесі және Атамекен ҰКП. Бірлескен күштің нәтижесінде бұл хақатон халықаралық талаптарға сай ұйымдастырылып, аймақтық деңгейдегі инноваторларға жаңа мүмкіндіктер ұсынды.

Байқау барысында жасанды интеллект институтының студенті Әділет Ерланұлының жобасымен таныстық.

– NASA Space Apps Challenge барысында 20 тақырып ұсынылды. Соның ішінде «Экзопланеталарды зерттеу хроникасы» тақырыбын таңдадық. Командамен бірлесіп шешімге келген соң сай құрастырып, жобамызды таныстырдық. Жұмыс барысында барлық зейініміз өзiмiздiң жобада болған соң қарсыластарымыздың жұмыстарын бақылауға уақыт болмады. Командала барлығы 5 адам бар. Менен бөлек Бекзат, Ислам, Асхат пен Лияс. Жобаның презентациясын әзірлеу Бекзат пен Исламның жауапкершілігінде болды. Сондай-ақ Ислам сөз сөйлеуге дайындықта да көмектесті. Лияс – программист, ол «Java» бағдарламалау тілін меңгерген. Екеуіміз сайттың құрылымын бірге жасадық. Ал питчингке Асхат екеуіміз шықтық. Ол 3 жасынан бастап астрономияға қызыққан, сондықтан ғарыш туралы сөйлеу кинилдық тугызбады. Оның дикторлық дауысы да өте жақсы. Оны «жүретін энциклопедия» деп атауға болады. Міне, біз осындай қарқынды жұмыс істеп, қандай ретінде жобамызды қорғадық, – деді ол.

Ал Ақбота Түгелбаева әріптесі Исатай Есмамбетовпен бірге «Галактикалық ойындар» тақырыбын таңдаған. Жобаның атауы – «Ғарыштық көзқарас».

– Жобаның негізгі мақсаты – VR технологиясының дамуына үлес қосу және адамның ойлау қабілетін жетілдіру. Сонымен қатар ол қазақ ойын индустриясын жаңа деңгейге көтеруге пайдасын тигізеді. Біз жасаған ойынның бизнес-жоспары жобаны Steam, Play Market, App Store сынды платформаларға шығару арқылы қаржылық табыс табуды көздейді. Ойынның басты міндеті – метеориттерден қорғану. Үш өлшемді кеңістікте метеориттер әр түрлі бағыттан ұшып келетіндіктен, ойын әр секунд сайын күрделеніп түседі. Сондықтан мұқият болу өте маңызды.

Бұл хақатон біздің алғашқы байқауымыз емес. Дегенмен NASA Space Apps Challenge бізге ерекше эмоция қалдырды, – деп әсерімен бөлісті «Ialano» командасының мүшесі Ақбота Амантайқызы.

Хақатонның нәтижелері 15 қазан күні сарашшылар комиссиясының мұқият бағалауынан кейін жарияланады. Қазақстандағы ең үздік жоба NASA Space Apps Challenge-нің халықаралық кезеңіне қатысуға жолдама алады. Бұл – Қызылорда ғана емес, Қазақстан үшін де маңызды қадам. Өйткені осындай жобалар арқылы ел азаматтарының ғарыштық зерттеулерге деген қызығушылығы артып, жаңа технологиялар мен инновацияларды дамыту мүмкіндігі кеңейіп түседі. Ал жастардың бүгінгі бағыттары еліміздің дамуына серпін беріп, алдағы жылдарда айқын көрініс табуы сөзсіз.

700 ОҚЫТУШЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН GAMEDEV ОҚЫТУҒА ГРАНТ АЛДЫ

Елдегі 47 университеттің 700 оқытушысы Tech Orda бағдарламасы аясында AI және Game Development бағыттары бойынша қарқынды оқытудан өтеді. Бұл бастаманы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Astana Hub бірлесіп іске қосады.

«Тренерлерді дайындау» жүйесі бойынша ұйымдастырылған оқытуда теориялық негіздермен қатар практикада қолдануға мүмкіндік беріледі. Қатысушы оқытушылар алдағы уақытта біліктілігін арттырып, студенттерге тиімді түрде білім бере алады.

– Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес іске асырылуда. Өткен жылы Digital Bridge халықаралық форумында жоғары оқу орындарында жасанды интеллект саласындағы пәндердің мазмұны мен оқыту әдістерін жаңарту ұсынылды.

Бағдарлама аясында 650 оқытушы жасанды интеллект бағытында, ал 50-і Game Development бағытында білім алады. Оқытуды өткізу үшін 7 қазақстандық IT мектеп таңдалды. Сабақтар аралас форматта өтеді, – деді ҚР

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиев.

«Жасанды интеллект» бағытында Prompt engineering, Data analytics, Data Science және Computer Vision бойынша кіріспе курс қамтылған. Ал ілгері курс жасанды интеллект, Natural Language Processing және Deep learning тақырыптарын қарастырады. Game Development бағыты геймдизайнның негіздері, компьютерлік графика, модельдеу және текстуралау, риттинг, анимация және ойындардағы UI/UX негіздері мен ойын әзірлеуді қамтиды.



Бетті дайындаған Әлия ТӘЖІБАЙ

Басы 1- бетте

Жақсыгүл ТОҒАНОВА, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры:



БІЛІМ АЛАМЫН ДЕГЕН БАЛАҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

**Халықаралық байланыс
нығайып келеді**

– Оқу орнының ең негізгі жетістіктеріне тоқталып өтейік. Басқа елдермен халықаралық байланыс туралы не айтасыз?

– 5-10 жылға арналған преспективалық жоспар деген болады. Сол жоспарларда Үкіметтен шығатын бүкіл білім беру қызметіне негізделген нормативтік-құқықтық акті, заңнамаларды басшылыққа алып, жұмыс істейміз. Соған сәйкес басым бағыттар құрылады. Соның бірі – халықаралық ынтымақтастық және білім беруді дамыту, ғылымды ілгері жылжыту. Өйткені маман даярлауда осыны басым бағыт етпесек, ілгері жылжы алмаймыз. Қазіргі уақытта Ресей, Германия, Оңтүстік Корея және Түркиямен байланыс орнаттық. Бастауыш сынып мұғалімі, мектепке дейінгі тәрбие тәрбиешілері – әлем бойынша даярланатын мамандықтар. Дүниежүзі бойынша оқытатындықтан бізде ортақ мүдде бар. Былтыр Германияның педагог кадрлар даярлайтын университетімен ынтымақтастық меморандумға отырып, 97 оқытушымыз білімін жетілдірді. Ол мемлекеттен тренерлеріміз келіп, 72 сағаттық семинар өткізіп, қатысушылар сертификат иеленді. Биыл Жапония, Түркия елдерімен мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш сынып мұғалімі біліктілігі бойынша ынтымақтастықты жолға қойып жатырмыз. Алдағы уақытта да үлкен жұмыстар атқарылады.

Білім беру мазмұнына, сапаға қатты мән береміз. Облыс бойынша үш жыл қатарынан үздік білім беру ұйымы атандық. Республикада рейтинг бойынша төртінші орында тұрмыз. Осының барлығы тынымсыз еңбектің арқасы. Халықаралық конкурстарға қатысқан «Япурай» хор ұжымы, «Нүргүл» би ансамблі қаншама жетістіктермен келіп жатыр. Педагогикалық мамандықтар арасында республика бойынша World-Skills деген чемпионат бар, сонда «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығы бойынша қаншама колледждің арасында Алтын медаль иелендік. Маман даярлаудағы деңгейімізді осыдан көре беріңіз. «Мектепке дейінгі тәрбие беру» мамандығы бойынша екі рет күміс жүлде алдық. Биыл тағы да чемпионатқа дайындалудамыз.

– Колледжде мамандықтар аясының тарылуына не себеп болды?

– Біріншіден, ол біздің еншіміздегі емес, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің еншісіндегі мәселе. Жіктеуші (Классификатор) деген құжат бар. Жіктеушіте негізгі орта білім мамандығының физика, математика мұғалімін дайындайтын біліктілік бойынша мамандықтарды алып тастады. Республикадағы педагогикалық колледж директорлары, ұжымы, әкімшілігі министрлікке өтініш айттық.

Бізде даярланған мамандар, шыны керек, еңбек нарығында бағаланады. Осы колледжде білім алған қай физика, математика маманын алсаңыз да мықты. Бұл – еңбек нарығында дәлелденген дүние. Бірақ ҚР Оқу-ағарту министрлігі жаратылыстану бағытындағы біліктілігі бар мамандықтарды жоғары оқу орындары даярлау керек деп шешті. Біз қарсылық танытқанымызбен жүзеге аспады. 9-11 сыныпты бітіріп келіп, осы колледжде қабылданған бала базалық білімді жақсы меңгереді. Жоғары оқу орындары теория мен ғылымға негізделген. Бізде теория, практика және ғылым ұштасып жатыр. Әдістеме мықты. Теория мен инновациялық әдістеме практикаға негізделген. М.Мәметова атындағы колледжде білім алған мамандардың базалық білімі неге жоғары болады дегенде осыны айтар едім. Жоғары оқу орындарына қатысты ештеңе айта алмаймын, бірақ біздегі базалық білім бірібірі бөлек. Өзім аналитик ретінде жоғары оқу орнында ала алмаған тұстарымды осы жерде практикамен ұштастырдым.

**Ешқандай оқу орнында болмаған
логопедия мамандығын аштық**

– Ал жаңадан қандай мамандықтар ашылды?
– Біздің бейініміз – педагогикалық білім бейіні. Әліма Жақыпқызы директор болған тұста техникалық мамандықтар ашылды. Кейін онтайландыру процесі жүрді



де, бірқатар техникалық мамандықтың лицензиясын Білім министрлігінің Бакылау департаментінен қайтару жөнінде ұсыныс болды. Бірақ республика бойынша ақпараттық-техникалық қүзреттіліктегі мамандықтардың лицензиясын алғашқы болып біз алдық. Тәуелсіздіктен кейін техникалық колледждер бола тұра мұндай мамандықтар бізде ашылды. Қазір информатика мұғалімі мен есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандықтарын қалдырдық.

Жаңа мамандыққа келсек, қоғамның сұранысына сәйкес әр білім беру мекемесінде дефектолог пен логопед болу керек деген шарттық кестеде талап қойылды. Біз осы талапты ескеріп, ешқандай оқу орнында болмаған логопедия мамандығын аштық. Қолданбалы бакалаврда 11-сыныптан кейін келетін талапкерлер оқи алады. Өйткені жоғары колледж болғаннан кейін заң аясында қолданбалы бакалавр біліктілігі бойынша маман даярлауға мүмкіндігіміз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие бакалавры және логопедия мамандығы бойынша 50 маманды дайындап жатырмыз. Соған сәйкес материалдық-техникалық базаны керемет етіп жабықтадық. Ең соңғы үлгідегі дидактикалық материалдарды алдық. Кез келген мектепте тілінің мүкестігі бар балалар кездеседі. Олармен логопед, дефектолог маманы жұмыс істеуі керек. Алла қаласа бұл студенттеріміз келесі жылы еңбек нарығына қосылады.

**Педагогикалық мамандықты сырттай
оқығанын қаламаймын**

– Колледждің оқу ғимараттарына 2020 жылы жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Байқағанымыздай, алыстан көз тартады, өзіңдік эстетикасы бар. Ал жатақханаға жөндеу жүргізілді ме, орын саны жеткілікті ме?

– Бақытжан Әбдіқалықұлы директор болған тұста жол картасының аясында колледждің сыртқы бөлігі күрделі жөндеуден өткізілді. Сол кезде жатақханаға да орташа

жөндеу жұмыстары жасалды. 2021 жылы өзім директор болып келгенім, жан басына қаржыландырудан үнемделген қаржыға жатақхананың жиһаздары мен төсек-орындарын жаңаладық. Қазір ол жақты көрсеніз, көз тойды. Жатақхананы аралағанымда кейбір балалардың өзі «әпай, үйімізде мұндай керуент пен жиһаз жоқ» деп қуанды. Жатақханада студенттерге 248 орын қарастырылған. Негізгі педагогикалық колледждің жобалық қуаты 1200 балаға арналған. Бірақ бізде студенттер түске дейін де және түстен кейін де оқып жатыр. Қазір 2200-дей бала бар. Оның 1500 астамы бюджет гранты негізінде, ақылы негізде 500-дің үстінде бала білім алады.

Бірақ ақылы негізді кейінгі кезде ашпай қойдым. Неге дейсіз ғой. Себебі соңғы уақытта мектептер нашар оқыған оқушыларын колледжеге жіберіп, ақылы бөлімге тапсыра беретін болды. Ал сырттай бөлімді директор болып келгенім жауып тастадым. Педагогикалық мамандықта сырттай оқып, диплом берілгенін онша қаламаймын. Сырттай оқытқындар жылына 40 күндік оқуға екі рет келеді. Одан маман қалыптаспайды, базалық білімді алмайды. Қалай болғанда да, педагогикалық және медициналық мамандықты тек күндізгі білім негізінде алуы керек деп ойлаймын.

Жатақханада жайлы ортаны қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасадық. Жуынатын орынды жөндеуден өткізіп, киім жуатын машиналарды жаңадан алдырдық. Білім алушыларға қызмет көрсету орындары жатақхананың бірінші қабатында қарастырылған. Балалар үй тапсырмасына дайындалсын деген ниетпен оқу залын кешкі 20:00-ге дейін жұмыс істейтіндей еттік. Асхана да, душ та, медпункт бірінші қабатта.

– Ыстық су ағып тұр ма? Бұрын жоқ еді...
– Жатақхана ыстық сумен 100 процент қамтылды. Барлық қабатқа «аристон» орнатылды. Жан басына қаржыландыру ол кезде жоқ-тұғын. Қазір осы қаржыдан үнемделген қаржыға барлық жағдайды жасаудамын. Балалар аулаға шыққанда әдемілікті сезінсін, жайлы орта қалыптастырайықшы деп ауланың жалпы эскизі мен дизайнын өзім жасадым. Мемлекеттік



тапсырсы бойынша, мекемеден арнайы маман шақырып, қогалдандыру жұмыстарының басы-қасында болдым. Каворкинг, шахмат орталығын ашып қойдық. Білім аламын деген балаға барлық жағдайды жасадық. Басқа оқу орындарының жатақханасымен салыстырып көрсеніз болады...

– Екі мыңнан астам балаға жатақханадағы қазіргі орын саны аз секілді...

– Иә, орын саны аз. Колледждің ауласында екі спорттық алаң бар. Осы орайда атап оту керек, екі қабатты Студенттер сарайының құрылысын жүргізуге арналған жобалық-металық құжатты білім басқармасына өткізіп қойдым. Оның ішінде 200 орындық асхана, 250 орындық концерт залы, заманауи үлгідегі жаттығу залы болады,

барлық үйірмелер сонда орналасады. Алла қаласа 2025 жылы қаралып, қаржы бөлінеді. Сол кезде жатақханада біраз орын босауы мүмкін.

Бірақ қазір 248 орын болғанымен, жатақханаға қоныстанған бала саны 200-дей ғана. 48 орын бос тұр. Балалар тәртіптен қаша ма, пәтерде тұрғысы келеді. Бірінші, екінші курстың балалары ғана орналасқан. Үшінші, төртінші курстың білім алушыларына айтып көрсендерші десем, «әпай, бәріне айтып шықтық. Туыстарының үйіне орналасқан, көбі бірігіп пәтер жалдап тұрады» дейді.

**Педагогикалық этиканы 1-курстан
бастап қалыптастырамыз**

– Педагогикалық этиканы 1-курстан бастап қалыптастырамыз

– Педагогикалық этиканы 1-курстан бастап қалыптастырамыз. Ата-аналардың бірдей формаға қарсылық білдірген кезі болды ма?
– Ондай да арасында болып тұрады. Әсіресе бірінші курсқа келген кезде. Одан кейін бала, ата-анамен бірлесіп үштік одақты қалыптастырып аламыз. «Неге ондай форма? Біз онсыз да мектептен келдік. Студент емес пе? Емін-еркін киінісін» деп келетін ата-аналар да бар. Бірақ әр отбасының әлеуметтік жағдайы әртүрлі. Түрлі киім кигенін, бірі-біріне қарап қызғайды, бәсекелеседі. Олар ең алдымен болашақ педагог қой. Педагогикалық этиканы бірінші курстан бастап қалыптастырамыз. Ата-аналармен онлайн емес, офлайн кездесу өткіземіз. Кездесеміз, келісеміз. «Көңсеніздер осы. Көңсеніздер, емін-еркін киінетін оқу орнына барыңыздар. Баланың заңды өкілі ретінде ол сіздің тікелей құқығыңыз» деп алдымызды ашып аламыз. Бәрі келіседі. Басқаға барғысы келгенмен, бұл жақтың білімі ұнайды. Білімі ұнағасын ортақ тәртіпке де бағынады.

– Бірнеше ай бұрын ұсыныс бойынша бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл болып тағайындалдыңыз. Қызылордада бала құқығының бұзылуына байланысты түйткілді мәселелер көп пе?

– Әрине, түйткілді мәселелер өте көп. От басы, ошақ қасындағы ата-ананың білімді болуы, дұрыс бағыт беруі – бала тәрбиесіндегі темірқазық. Білім беру мекемелері, яғни, мектеп, колледж – қосымша тәрбиелейтін орта. Ең бірінші ата-ана бала тәрбиесінде кемшілік жіберіп алмауы керек. Қазіргі ата-аналардың ойы – мен оқытып жатырмын, киім көк, тамағы тоқ, осымен тәрбие тәмам. Ата-аналар жиналысына да туысқанын жібере салады. Өткенде «Баланың заңды өкілі – ата-анасы. Өзі келсін» деп ағаженге, қайыңшідерінен жиналысқа қатыстырмадым.

Туысқан деген балаға өзінің баласындай жаны ашымайды ғой. Ата-анасына жиналыста айтылған мәселенің бірін айтып, бірін айтауы мүмкін. Дәл сол секілді отбасындағы тәрбиеде үлкен ақаулар кетіп жатыр. Тәрбие болмай, қоғамға пайдалы тұлға қалыптасады деп айта алмаймын.

Бала құқығы жөніндегі уәкіл ретінде түрлі оқинаны көріп жатырмын. Кәметтік жасқа толмаған балаларға қатысты оқиға болса, бірінші маған хабарлама келеді. Терезеден құлап кетті, зорлады дегендей... Тамыздан бері бұл жағдайларға аналитикалық талдау жасап отырсам, балаға толық емес отбасында өсу, ажырасу, тұрмыс, тәрбие қатты әсер етпеді екен. Тузу жолдан тайып жатқан жағдайлар көбіне осыған байланысты.

– Директор ретінде көп шаруа мен мәселенің түйінін тарқатып, төктерін өзіңіз айтуыңыз керек. Оның арасында ақпараттың көптігі де бар. Не дегенмен өзiк жансыз ғой. Неген күш-қуат аласыз, рухани тұрғыда қалай демаласыз?

– Байқап қарасам, менде бос уақыт бола бермейді екен. Колледждің жұмысы, оның үстіне қоғамдық жұмысым бар. Қолым қалт етсе, кітап оқуға, театрға барып, рухани демалуға тырысамын. Кейінгі кезде жұмыстың көптігінен, шақырған жерге де бара алмай жатырмын.

– Директордың бір күні қалай өтеді?

– Шынымы айтсам, түскі үзіліссіз жұмыс істеймін. Бұрын арасында түскі үзілісте үйге баратын едім, қазір мүлде бармаймын. Ол уақытта бала құқығы жөніндегі уәкіл ретінде жұмыстарымды атқарамын. Танертенгі 8-де келгеннен, кешкі 8-де қайтам деп айта алмаймын. Кейде кешкі 10-да, кейде 11-де қайтамын.

– Сұхбат үшін көп рақмет! Жұмыстарыңызға табыс тілеймі!

(Басы 1-бетте)

**Бизнес пе,
батырлық па?**

Кешегі аты жаман індет елге келген тұста айналасындағыларға қол ұшын созған қазақ баласы аз болмады. Соның бірі – қоғам белсендісі Батыржан Ибрагим. Қазірдің өзінде қайырымдылық жасауға асығып, оң қолын жасағанды сол қолың білмесін деп жүрген жан. Көпшілік бұл азаматты әлеуметтік желіде блогер ретінде жақсы таниды. Батыржан өз сөзінде «Қайырымды ісім үшін канша процент алатынымды сұраған талай мұқтаж жандар болды» деп отыр. Яғни, өзі секілді әлеуметтік желідегі блогерлер мен танымал тұлғалар жақсылығы үшін сыбағасын сұрайтын көрінеді.

– Мен секілді қайырымдылықпен айналысып жүрген адамдар мұқтаж адамдарға шығып, «жақсылығы» үшін үстемесін алуға алдын ала келіседі. Мысалы, мұқтаж жанға 1 миллион теңге жинап берсе, соның 100 мыңын өзіне алып қалады. Не болмаса, жарнамасын жасап бергені үшін сол жанның өзіне 50 немесе 100 мың теңге алады. Бұл – қайырымдылық емес, кәдімгі бизнестің бір түрі, – дейді Батыржан.

Ол сауапты іс жасау құжат жүзінде іске асканы дұрыс деп есептейді. Ал ауызша келісім жасап, қаражат жинау дегеннің артында үлкен дау жатыр. Сол себепті азамат мұқтаж жанның өзінен немесе туған-

немесе ұйыммен келісімшартқа қол қоюы тиіс. Бұл жөнінде қазіргі ведомство аппаратының басшысы Мадияр Қожахмет Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істер комитетінің төрағасы болып тұрған тұста айтып еді. Айтуынша, блогерлер заңға бағынбай, келіспей қайырымдылық іс үшін деп халықтан ақша жинаса – алаяқтық әрекет болмақ.

Дәулет Төлеуатайұлы «кейбір жандар «қайырымдылық жасаймыз» деп алады да, елге дұрыс есебін бермейді. Кәсіптің көзіне айналдырғандардың барырас» дейді. Яғни, оқырмандардың көптігі арқылы қалтасын қалыңдатқысы келетіндер де ақша жинағын ашып, сауапты істі табыс көзіне айналдырған. Ол аз болғандай кейбірі халықтың сеніміне кіріп, түрлі алаяқтыққа баратын көрінеді.

майтын көрінеді. Арнайы құжат сол жандардың құқығын қорғап, сауапты істің соңы сөзбұйдаға салынбауына сеп болады.

– Сол үшін үшжакты келісімді құптаймын. Біздің қор 2 жарым жыл бұрын мемлекеттік тіркеуден өтіп, заңды түрде ашылған. Қорымыз заңды реквизиттермен жұмыс істейді. Қайырымды іспен айналысатын еріктілер мен танымал жандар біз-

Ол: «Маған бүгін мынадай идея келді. Қазір каспий көрсетемін. Осында садақ салған адамға эфирге шығам да, эфирге салдым дейсіздер де, өтірік айтпайтын шығарсыздар, салдым деп дұғаларыңызды жазасыздар. Мен эфирге шыққан кезде Қағбаға қарап тұрып сол дұғаларыңызды оқып беремін. Мен бармын, қыздарым бар жанымда, кезекпен эфирге шығып оқып береміз. Сондықтан, бірақ біліңіздер, уайымдаманыздар, жаман ой келіп тұрған болса осы жерде бірден айтпайын, бұл берген садақаларыңыздың бір тиыны да менің қалтама түспейді. Сондықтан, ниет етіңіз де садақаларыңызды аударыңыз», – деді желі жұлдызы.

Осыдан соң ислами психология тақырыбында тренинг өткізетін Балқия Балтабайға қарсы келгендер көп болды. Тіпті, ҚМДБ да бұл жағдайдың теріс екенін растаған.


– Фик кітаптарында садақаны алдымен өзіңе жаса, содан кейін жақыныңа жаса деген. Дінде өз елінде мұқтаждар бола тұра, басқа елге садақ беруді құп көрмейді, бұл ұнамсыз деп саналады, – деді діни басқарма өкілі.

Ал дінтуанушы Роман Бұрқаш: – Қағбаның түбінде сіздердің аттарыңыздан дұға қыламын, сондықтан маған қайырымдылыққа ақша жіберіңдер, аттарыңызды жазыңдар дегені бұрыс қылық. Кім дұғаға мұқтаж, сол адам өзі жасағаны абзалырақ. Екіншіден дұғаның белгілі бір мекені жоқ, – дейді теолог.

Сауапты іс жасаудың түр-түрімен таныстық. Одан бөлек қоғамда қолына қорып ұстап, тыны салуды сұрайтындар да көбейді. Айтатыны «сауаптан құр қалмаңыз». Садақаны сауында бер деген. Дұрыс, қайырымдылық жасау – құптарлық іс. Бірақ мақсатсыз жиналып жатқан қаржы еместігіне кім кепіл?
Міне, бізді қыңжылтқан осы тақырып. Ал сіз не айтасыз, көзі қарақты оқырман?

Абзал ЖОЛТЕРЕК

**САДАҚА
САУДА ЕМЕС**



– Екіжакты келісімге келу қайырымдылық жасау кезінде түсініспеушілік, дау-дамай туындаған жағдайда мәселені заңмен реттеу үшін енгізіліп отыр. Келісімге келсе қайырымдылық үшін жиналған қаржыға қатысты ешқандай артық сұрақ туындамайды, – дейді ол.

– Мысалы, бізге де оқырмандардан түрлі хаттар келіп түседі. Жақында бір кісі жылап хабарласты. Сөйтсе, бір блогер қайырымдылық жасаймын деп, ақша жинағын ашқан. Сонында сол ақшаны спорт ойындары

дін қормен келісімшартқа отырып, сауапты істерін істеуге қарсылық жоқ. Керісінше «жақсылық жасаймын» деген жандарды қолдамасақ, қашпайтынмыз рас. Бастысы, заңды әрекет ету керек, – дейді Дәулет Төлеуатайұлы.

Бұл өзгеріс алақан жайып, мұңын шакқандарға ғана емес, құзырлы орындарға да жақсы жаңалық болары анық. Себебі қолданыстағы құжат қор ретінде тіркелген мұқтаждың несібесін жемеуге жетелейді.

Оффлайн сауап туралы естідіңіз бе?

Иә, мұндайды шығыпты. Алғаш естігенде аң-таң болып, сауап алуға асыққымыз келген. Бірақ үңіле келе кезекті бір жөнсіз іс екеніне көз жетті.

Сауап дегеннен шығып жатыр, қазір қасиетті Меккеге табан тигізу оңайдың оңайы болды. Тіпті базарға барғандай әдетке айналдырғандар да бар. Жә, мәселе бұл емес.

Қалың жұрт Балқия Балтабай есімді блогерді жақсы біледі. Әсіресе әйелдер қауымы. Осы бір азаматша өткен жылы қасиетті жерден елге сәлем жолдап, бір шулатып қойды. «Қалай?» дейсіз бе? Ендеше, айтайық...

Ата-анасы шыр-пыр болып хабарласатын осындай оқиғалар өте көп. Ондай кезде біздің қолымыздан бар келетіні – жылаған жанды жұбатып, ақыл-кеңесімзді айту ғана. Ол кісіге де полицияға жүгіну керек екенін айтып бағыт-бағдар бергенім бар. Бірақ қолданыстағы заң әлсіз болған соң, «қайырымдылық» жасайтындардың іс-әрекеті бақыланбайды, – дейді ол.

Кеш те болса біз айтқан заң күшіне енуі қажет. Дәулет Мұқаев та мұның көтерілген мәселе екенін айтып отыр. Сондықтан жиналған қаражат жеке реквизиттерге емес, заңды түрде ашылған қорға аударылғаны дұрыс. Ақырында бұл заң жеңіл жолмен мұқтаж жандарды ортаға салып, табысқа кенелгісі келетіндерге тұсау болады.

Парламент Мәжілісі депутатының сөзіне сенсек, қазір келісімшарт жасау көп уақытты ал-

туыс, дос-жаранынан жазбаша түрде рұқсат қағаз алатынын айтып отыр.

– Қаржы жинамас бұрын көмекке мұқтаж адамның заңды өкілінен жазбаша куәлік аламын. Олар ақша жинауға, фото-бейнесуреттерін қолдануға рұқсат беретіндерін жазбаша көрсетіп бергенде ғана іске көшем. Бірақ ауызша келісіп алу, не болмаса үстемені талап ету дұрыс емес, – дейді ол.

Опық жемердің оңай жолы – келісім

Рас. Судың да сұрауы бар. Сол секілді сұрауы бар ақшаны сауапты іске жұмсайтынын, проценттен пайда көруді ойлайтындардың өзі опық жеуі анық. Өйткені енді қайырымдылықпен айналысатындар мұқтаж адаммен үшжакты келісімшарт жасау міндеттеледі. Онсыз жиналған қаражат заңсыз. Яғни заң бойынша қайырымдылық мақсатында халықтан қаражат жинайтын блогерлер алдын ала көмекке мұқтаж кісімен

Өйткені қазір қайырымдылық қамытын киіп, қара басының қамын күйттегендер көбейген. Мысалы, жоғарыда айтып өткендей бір блогер мұқтаж адамға қол ұшын созу үшін 7 миллион теңге қаражат жинап беруге келісті делік. Бірақ қайырымды жандардан 15 миллион теңге жиналады. Сол тұста ардан аттаған блогер көмекке мұқтаж жанға бағанағы 7 миллион теңгені ұстатып, қалған қаржыны қалтасына басады.

Қазір елде біз айтып отырған блогерлердің халықтан сауапты іске ақша жинау мәселесі назардан тыс қалған. Ендігі жерде олар қандай да бір қордың атынан жақсылық жасайтын болған күннің өзінде онда сол ұйыммен келісім жүруі шарт. Ал өздігінен айналысса, сол адамның келісімі міндеттеледі.

Заңда қорға қол сұғылмайды

Елімізде қайырымдылықпен айналысатын қорлар жеткілікті. Мәселен, «Сәби», «Аяла» сынды «Dauletten» қоры да бар. Басшысы Парламент Мәжілісінің депутаты әрі блогер

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

2011 жыл. Шілде айы. Мал өрістен қайтып, күн ұясына батып бара жатқан уақыт. Құрдастармен көрші Сенбі көкенең қорасының артында бас қосып, көл басына баратын болып шештік. Ол кездегі ауыл жастарының ермегі – түнде балық аулап, демалыс ұйымдастыру.

Не керек, азын-аулақ тиынның басын құрап, жақын маңдағы дүкеннен керек-жарағымызды түгенделік. Сосын ауылдағы Бақытбек ағаға өтініш айтып, көлігімен жеткізіп салуын сұрадық. Әуелде нақты қай жерге баратынымыз белгісіз болған, ауылдан шыға келе шопыр ағам Қазалы ауданының шығыс беткейінде демалуға таптырмас «Домалақ» деп аталатын шағын көлдің бар екенін айтып, көлге қарай беттеді. Келісімен:


– Бүгін – құрдастың туған күні. Жігіттермен бас қосқалы жатырмыз. Кез келген уақытта қонырау шалыңдар, келе қоямын. Тек қызып қалмасам болды, – деп жымыды да, асығыс кері қайтты.

Үзеңгілермен арқа-жарқа әңгіме айтып, көл жағасына жайғастық. Айтса айтқандай-ақ, уақыт өткізуге қолайлы жер екен. Ық. Көл айналасы қалың қамыс. Құдды бізге дайындап қойғандай, бір беті ашық. Суат жер болса керек, ызындаған масаның дауысы маза бермей барады. Қоңыр салқын ауада терең тыныстаған Нұрбол:

– Масаға мән бермендер! Ақыл мен Арман отқа тамызық іздесін, Берік пен Айбол тамақ дайындауға кіріссін. Ал Ербол екеуміздің басқа жоспарымыз бар, – деп көл жағасына жантая кетті де әлгінде дүкеннен алған бірнеше шишаның біреуін ашып жіберді.

Әңгіменің қызығына бойлаған біздер астың қалай дайын болғанын да байқамай қалдық. Дереве дастархан басына жайғасып, далада піскен қуырдаққа, одан соң шоқ бетіндегі картопқа қол салдық. Бір уақытта бірнеше бөтелкени қылқытып, масайраған жігіттер гитарамен қосыла ән шығарып бастады.

**БЕЙІТ БАСЫНДАҒЫ
БАССЫЗДЫҚ**



Түн ортасы болды. Кенет масадан мазасызданған бірнеше жігіт жан-жақтағы қамыстарды өртеуге көшті. Қалғандары қойдыра алмай әлек. Бірінен соң бірі тұтанған құрғақ қамыс әп-сәтте айналаны қызғылт түске бояды. Қамыс түбіне қоныстанған құстар жанұшыра дауыс шығарып, жан-жаққа ұшты. Жігіттер аң-тан. Тілсіз жаудың тоқтайтын түрі жоқ. Сол сәтте бойларын қорқыныш билеген жастар үйге оралуға асықты. Кейбірі қарсы болып, Бақытбек ағаны тосуға үгітті.

Кенет Берік көлдің арғы бетіне қарап, тапжылмай қалды. Жанарымды сол жаққа салғаным сол-

ақ екен, лаулаған оттың арасынан қарсы беттегі адам есімі жазылған бейіттерді көзім шалды. Денем суып, біреу төбемнен салқын су құйғандай күй кештім. Қорыққанымнан қатарласа орналасқан мазардағы жазуларды айқайлап, бар дауысыммен оқи бастадым.

Жігіттер жым болды. Барлығы үнсіз кантарылып қарап тұр. Ал Нұрбол:

– Достарым, қорымнан қорықпау керек. Қорыққанға қос көрінеді. Онда да жатқан біз секілді адамдар. Танды ұйрайық, – деді масайрап. Өңі қуарып, аяқ-қолы дірілдеген Берік:

– Жоқ, кері қайтайық! Болмайды. Көз алдыма түрлі жағдай елестеп барады, – деп тас қараңғыда күре жолдың бойына қарай беттеді. Бірінен соң бірі артынан еріп, қазан-ошақ, төсегіштер жайына қалды. Қара жолға жеткенде барлығымыз қорқынышты дауыстан жалт бұрылдық. Құдды біреу «Бейіт басын жын-ойнаққа айналдырдыңдар, тыныштығын бұздыңдар» деп айқайлап жатқандай... Көкке көтерілген от бізге бет алғандай... Мұндайды көрмеген көзім шарасынан шығып кетердей болып, ішімнен «Бісілләмді» айтып, көлік тоқтата кеттім.

Қатарласқан жүк көліктері аялдап, ауданға жетіп үлгердік. Бір-бірімізбен қоштаспастан үйге қарай бет алдық. Ергесіне барлығын Сенбі атаға баяндап бердім. Сонда ақсақал:

– Ақұдай-ау, бұл не қылғандарың? Шариағат бойынша тыйым салынған амалдар бар. Оның ішінде бейіт басында ұйықтауға, әзілдеп-қылжақтауға, пайдасыз бос сөздер айтуға болмайды. Сол секілді ішімдік ішіп, темекі шығу сынды жөнсіз іс жасамау қажет. Бұлардың үлкен қателік болған екен. Бүгіннен қалдырмай кешегі жерге қайта оралыңдар! Арғы жағы мен айтпасама да белгілі, – деді.

Жігіттердің басын қосып, қарияның айтқанын айна-қатесіз жеткіздім. Үнсіздік... Жүрегі дауалап тұрған жан жоқ. Барлығының басы салбырап, жанарлары жер сүзген. Сәлден соң келіснен кейіп танытып, бірінен соң бірі бастарын изеді.

Түс ауа жолдастармен «Домалақ» көлге ат басын бұрдық. Жолсызбен жаяулатып, көл жиегін жағалай қорымға жетіп, түндегі бассыздық үшін Жаратушыдан кешірім сұрап, жерленгендердің әруағына құран бағышталды.

Айтпақшы, осы оқиғадан соң «Домалақ» көлдің басына қалың тоғай құратын бітік қамыс өспейтін болышты.

А.БАҚЫТҰЛЫ

● Эксклюзив

Түркістандық қарапайым күзетші Шер Ильясов әлеуметтік желінің «жұлдызына» айналды. Оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағында шетелдік туристермен ағылшынша еркін тілдескен сәті таралып, көпшіліктің назарын аударған еді. Желі қолданушыларының пікірлері де ерекше болды. Бірі зейнеттегі мұғалім деп ойласа, енді біреуі «білім бар, таныс жоқ» деп ер азаматтың біліміне тәнті болды. Шынында, Шер Талғатбекұлы кім? Бұл сауалға нақты жауап алу үшін киелі мекеннің тумасымен әңгімелестік.

КҮЗЕТШІ-ГИД: ЖАҢА ТІЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТІҢ КІЛТІ



— Жаңа тіл – жаңа мүмкіндіктің кілті. Сол үшін тек ағылшынмен шектелгім келмейді. Әзірге испанша үйренуге нақты әдіс-тәсіл қарастырмадым. Бірақ үйрену жоспарда бар. Тіл білің һәм біліміңді арттырып өзге мемлекеттерді араласам деймін. Ел, жер көру керемет емес пе? Жұмыс істеу үшін де баруға болады. Бұйырып, жолым түссе оны да көру керек, – деді Шер Талғатбекұлы.

— Бірі білсе, бірі білмес. Қоғамда «өмірдің ең жақсы кезеңі 50-ден кейін басталады, 50 жаста өмір енді басталады» деген ұғым бар. Дәл осы 50 жасында Шер Талғатбекұлының тілге деген қызығушылығы артқан еді. Ал бұл ой туралы кейіпкеріміз не дейді?

— Бұл сұраққа нақты иә немесе жоқ деп жауап беру қиын. Өмір әр адамға әрқилы әсер етеді. Әркімнің өз уақыты бар, – дейді ол сабырлы үнімен.

Кейін әңгімеміз бүгінгінің жастарына арналды. — Бағана айтқанымдай, тіл білу бізге шексіз мүмкіндік сыйлайды. Ақпараттармен танысудан бастап барлық ғажайыпқа жол сілтейді. Адам өмірге бір рет келеді. Сол кезеңді мәнді, мағыналы өткізуге тырысу керек. Мақсатың мен арманыңа берік, өзіңе сенімді болсаң барлығыңа қол жеткізуге болады. «Менің қолымнан келеді» деген ұранды жүрекпен сезінгенде оң нәтижеге жетуге болады.

Өз-өзіңмен жұмыс істеу жолында мотивацияның да орны ерекше. Қазір барлығы қолжетімді болған сайын адамдар да әр дүниеге оңай қарайды. Бастысы, өзіңге не қажет екенін түсініп алыңыз, – деп сөзін түйіндеді Шер аға.

Ел ішінде танылған жаңа есім білім жолында ерте-кештің болмайтынын дәлелдегендей. Білімге деген жол шекарасыз, ал жас – тек сан ғана екенін естен шығармайық!

Инжу МАРЖАН

ҰЛАҒАТ ТҰҒЫРЫНДАҒЫ ҰСТАЗ



2013 жыл менің өміріме үлкен өзгеріс әкелді десем, әсіре айтқаным емес. Бозбаланы демеу есейтін жіберген де жылдан жылғы жылымық. Ой-танымым, көзқарас-қағидаларымды да өзгерткен сол жыл. Себебі, дәл сол уақытта мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға қабылданып едім. Балалықтың лебі сөйлемеген лепірме кеуіл топ етіп топқа түскенде ғана есін жиғандай...

Университетте «арқасын» да, маркасын да арзандатпаған бір кафедра болса, ол біздің кафедра шығар. Белек әлем дерсіз. Өз тәртібі, өз заңдары бар. Табалдырығынан төрне дейінгі жол бағалы һәм бағамды. Дайындықыз ешкім есігін аша алмайды. Ол жақтың өз талары, өз төбелері, өз төмпешіктері бар. Оның етегінде жүрудің өзі бір бақыт. Мен сол бақытқа ие болған студентпім.

Елпетте, селдетте дегендерден ада, жүрсінен ешқашан жаңылмайтын сол жаққа өзге түгіл өзін танып үлгермеген мені әуелі қызықтырған, кейін, жылы тартқан жандар қатары қазір сиреді, арамдықан ұзап кеткендер бар. Айтуға ауыз бармайды, жазуға қалам жүрмейді... Өткен...

Сұмдық дәрістер тыңдайтын едік. «Бір 45» жетпей қалатын. Әсіресе, әдеби пәндер, ондағы қайшылықтар мен жайшылықтар менің делебемді қоздыра беретін. Солардың арасында бір қызық пән болды, ол – когнитивті лингвистика. Мектепте өмірі естімеген ұғым. Антропоцентристік парадигма дегендерді естімек түгілі ойламағанбыз да. Белгілі ғалым, ғылым кандидаты, профессор Күлдірсін Сарышова дәріс оқыды. Әдебиеттен білетін, физика-математика сабақтарында емес-емес естіген терминдерді, тарих теорияларын араластырып отырып лекция жазамыз. Құдай-ау, ұғып болсам-шы... «Түсіне алмай отырмын» деп айтудың ұят емес екенін түсіне қоймаған шақтарымыз ғой. Бас шұлғып қоямыз. Апай сұрақ қойса тілді бұрап отырып есте қалғанды бұтып-шатамыз. Ай, көрдік-ау «көресіні»... Бір күндері оқытушымыз бізді түсінуге тырысты-ау, «балалар, «когнитивті лингвистика» деген – сөз тарихы. Ал, сөз тарихы – өз тарихын» – деді. «Ох» – дедім

іштей. Өленге өте ғашық, ақын болуға аса ынталы маған нағыз керек сабақ екен ғой.

Қазір «жасанды интеллект» деген шықты емес пе?.. Ол есеп шығарады, әп сәтте полиглот та бола алады, сурет салады, тіпті «өлең жазып», «ән шығарады» деп жатыр. Білімнің барлық көздерін «менгертіп» болып, талантты «игертуге» шыққаны да... Енді сол жасаулы һәм «жасанды интеллекттеріңі» когнитивті лингвистиканы толық сіндірді десе, мен сенбеймін. Себебі оған тірі сезім, тірі ой және Құдайлық сана керек. Мұны маған Күлдірсін Сейітжанқызы пәннің бір курсында-ақ ұғындыра алған.

Жалпы Күлдірсін апай өз пәніне жаратылған ғалым. Сұлу. Кескініне жаны үндес. Жүйсіздікке төзе алмайтын, тамырынан безе алмайтын адам. Бір қарағанда біздің тәрбие көргені байқалады. Ең бірінші, қоғамдық мәдениетті, тәртіпті сұрап тұратын көзқарастары, шекарасынан асырмайтын қатқыл мінезі, нормадан аспайтын иба-ншақтарлары бір орғаны тәрбиелеп тастайтын күзіретке ие. «Уғын да, шұғын» боп жүретін біздердің Сарышова беретін бір лекцияда-ақ тым әдепті бола қалатынымыз да соның дәлелі шығар.

Сосын, апайдың қатты шыққан дауысын естімепіз. «Ақырып» алға озғаны да, күмілжіп кейін қалғаны да. Айттып отырымын ғой, табиғаты тура өзінің зерттеуге ғұмырын арнаған тақырыбындай. Дәл, дара. Біздің кафедраның ең орнықты, ең талантты, ең дарынды тұлғалары апайды ұстазым дейді. Іздейді. Себебі Күлдірсін Сейітжанқызы бар жағынан тартымды адам.

2022 жылы өңірге Алаштың аяулы ақыны, қайратты, қайраткер ақыны, «Отан» орденінің иегері Светали-Айтман Нұржан үлкен жүректі ұстаз-ғалым,

тәуелсіздік жылдарында алғаш болып көші-қон жұмыстарын үйлестіріп, шеттегі талай қазақтың талайғы арманын шыңға айналдыруға атсалысып, отандастарымыздың Отанына оралуына ең бірінші дәнекер болған Шәрәбай ағамыздың өмірден өтуіне байланысты отбасына көңіл айтуға арнайы келіп, шаңырағына бірге бардық. Құдай қосқан қосағы Күлдірсін апайымыз арманын айтуға келгендерді қабылдап болғаннан кейінгі құран асы үстінде Айтман аға жадында қалған жылдарды жаңғыртып, Шәрәбай аға, Күлдірсін апай, Жаңабек Жетіруовтармен бірге өткен кезеңдерді еске алғанда, «ұстазымыздың мықтылығының бірұштығы дарабоз доуірінде жатыр екен ғой» – деген ой түйдім. Өлең құлап жүрген мені апайға жақындастырған да поэзия құдіреті, апайдың ақындарға деген құрметі екен. Міне, бүгінде біз ұстазымызбен өмір жолы алысқа ажыратып көрмеген тілеулес жандарға айналдық. Бір атым насыбайға бола өкпелеп қалатын қазақ кеуілінің жалғыз дәрмені – бір ауыз жылы сөз ғой. Апайдың «балам-ау, амансың ба?» – деген бір ауыз сөзі біздің дәтімізге қалдырмай қуат.

Бажайлай алсаңыз, ұлт тілі мен әдебиетін шәкірт жанына сіндіретін қай ғылыми ұжымды алып қарасаңыз да, жұрт аузында жүрген өзіндік бір аңыз болады. Біздің кафедраның аңыздары да, Күлдірсін апай сияқты аңыз адамдары да ертенгі күні қозғалатын тарих деп есептеймін.

Ғалым, профессор, өлең жанашыры, сөз жанашыры Күлдірсін Сейітжанқызы быыл 60 жылдық мерейтойын республика көлемінде атап өтеді. Ұлағаты қымбат ұстазға ғасырлық ғұмыр тілеймін! Шәкірт жадында мәңгіге қалатын кісілік келбеті бар, сондай мәдениетті, жаны жайсаң апайымыз шаттыққа толы өмір сүрсе дейміз.

Мақсат ДАУЫЛБАЙ,
шәкірті, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

СҰЛУЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ: ГҮЛДЕР ҚАНДАЙ МАҒЫНА БІЛДІРЕДІ?

Нәзік әрі қайталанбас бояуға ие, сүйкімді гүлдердің ең ерекше сыйлық екені рас. Ұзақ уақыт сақтай алмайсың, бірақ бір сәтте көңілді қуанып, әдемі естелік сыйлайтын сұлу өсімдіктің өзіндік энергетикасы бар. Бағасы да арзан тұрмайды, дегенмен гүл саудасы жылдың төрт мезгілінде де бәсеңдеген емес. Табиғаттың мұндай көркем туындысы Қазақстанға қай елден әкелінеді, түрі мен түсіне сай гүл таңдаудың мағынасы неде? Мұны білмек үшін «Royal» гүл дүкенінің флорисімен тілдестік.

Бұл салада екі жылдан астам уақыт еңбек еткен Нұрай Нұрмағамбетқызы күніне кем дегенде 30-дан астам гүл букеті өз нәсіпін табатынын жеткізді.

— Күзде хризантема, астра, альстромерия,

георгий көбірек сұраныста болады. Ал раушан, гортензия – қай кезде де трендте. Раушан гүлдер стандарт және метрлік болып бөлінеді. Метрлік розалардың бойы 70-тен 2 метрге дейін болады, ал стандарт түрі 40-60 сантиметр аралығын құрайды. Гүлді ұзақ сақтау үшін салқын жерде ұстап, суын жиі ауыстыру керек. Ең бастысы көңіл бөліп, сөйлесіп тұру маңызды.

Раушан букеті тек так сандардан құралуы керек. Жұп қылып бермеудің себебі әр елде әртүрлі айтылады. Ал гортензия секілді гүлдердің санына шектеу жоқ. Осы уақытта келушілер қорзінадағы гүлдерге қарағанда, букет гүлдерді көбірек таңдайды. Гүлдер Голландия мен Эквадордан тікелей жеткізіледі, – деді Нұрай Нұрмағамбетқызы.

Бір қызығы, бал араларының өзі гүлді хош иісіне ғана емес, түсіне қарай да ажырата алады. Барлығына қона бермей, сары, күлгін, көк түсті гүлдерді таңдайды екен. Ал қызыл түсті гүлге мүлде қонабайды.

Жуырда әріптесімсізді гүлмен қуантуды ойлап, бірақ түсіне келгенде ойланым

қалғанымыз рас. Қызыл сары түстегі раушан балғын әрі әдемі көрінгенмен, бұл түс немен астадағы дегендей ойда болды. Ақыры таңдауымыз басқаға түсті.

Деректерге қарасақ, ақ түс – тазалықтың белгісі. Мұндай түсті гүлдерді шыншыл қыздарға құрмет белгісі ретінде тарту етеді. Отбасын құру ниетіңіз болса да, бұл түсті таңдауға болады.

Қызыл түсті раушандар ең танымал гүл екені белгілі. Бірақ бұл түс тек махаббатты сипаттамайды екен. Ол мықтылық пен күш-қуатты да білдіреді. Сондықтан ерік-жігері мықты, мінезі ерекше, мақсатына берік жандарға да тарту етіледі.

Алқызыл түстегі гүлдер бірқарағанда-ақ нәзікті білдіретіндей. Адамдармен жақсы қарым-қатынасты ұқтырады, алғыстың әрі ризашылықтың белгісі саналады. Содан болса керек бұл түсті «универсал» деп есептеуге болады: оны ер адамға да, нәзік жандарға да,

үлкен-кішіге де және әріптестеріңіз бен бастығыңызға да сыйлауға болады.

Сары түстегі гүлдер бұрынғы уақытта келіспеушіліктің белгісі саналған. Ал қазіргі уақытта бақыт пен байлық, күндей жарқырауды білдіреді деседі. Сондықтан оны шығармашылық адамдарына, құрбы, достарға сыйлауға болады екен.

Көк түсті гүлдер құпиялылықты аңғартса, жасыл түс бейбітшілік пен тыныштықтың белгісі екен.

Қалай десек те, гүл сыйлау жақсы ниет пен алғаусыз көңілдің нышаны екені анық. Екі-үш күндік әдемілік болса да, гүл арқылы бір адамға әдемі естелік, жарқын сәт сыйлауыңыз мүмкін. Жақындарымызды қуанып жүрейік!

А.НУРТАЙҚЫЗЫ

